

ӘОЖ 94 (574)

**КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

Берліғалиева Гүлайым Асқарқызы

berligaliyeva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының 4-курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов 1895 жылы 25 сәуірде қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылында дүниеге келген. Балалық шағын ғасырлар қиылысқан, қазақ басына туған қиын-қыстау кезеңде, сол кездегі саяси серпілістер өтіп жатқан орталықтардан алыс ауылды өңірде өткізді. Қарқаралыда мектепті, кейін Омбыдағы мұғалімдер семинариясын тәмамдады. Семинария қабырғасында Н.Нұрмақовпен бірге қазақтың болашақ ақын-жазушылары, қоғам қайраткерлері С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Байділдин, М.Саматовтар білім алды. Оқу орнының оқытушылары А.Седельниковтың, А.Покровскийдің дәрістері, демократ А.Сорокиннің әңгімелері, қаланың тыныс-тіршілігімен танысу Н.Нұрмақовтың саяси-ағартушылық ой-өрісінің кеңеюіне, демократтық көзқарасының қалыптасуына ықпал етті.

Семинария оқушылары Ш.Әлжанов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, М.Жұмабаевтар «Бірлік» ұйымын құрған. Ұйымның мақсаты халық ауыз әдебиетін жинау, оларды кітап етіп бастыру, газет-журналдар шығару, мектептерге арнап кітаптар жазу, қазақтар арасында ойын-сауық қою, театр ұйымдастыру сияқты мәселелерді қамтыды. Омбыдағы оқуы 1915 жылы аяқталған соң Қарқаралыға оралып, екі сыныпты орыс-қазақ училищесіне мұғалім болып орналасты. Қарқаралыдағы қызметі екі бағытта болды, біріншісі, мұғалімдігі болса, екіншіден, бұрынғы мұғалімі, 1905 жылдан саяси оқиғаларға белсене қатысушы А.Аяғанов және П.Бабин, Е.Шаңдыбаев сынды өзімен пікірлес адамдарды маңайына топтастырып, училище оқушыларымен қала тұрғындары арасында бостандық жайында үгіт-насихат, патша саясатына қарсы әрекеттер жүргізеді. Қарқаралыға ат басын бұрып келіп жүретін азаттық жолындағы күрескерлер, осы өлкенің тумалары Ә.Бөкейхановпен, Ж.Ақбаевпен және оларға ниеттес қаланың зиялы адамдарымен жақын араласып, ақыл-кеңестерін алады [1, 22-23].

Қарқаралыда кеңес үкіметі 1918 жылы 8-наурызда орнады. Қарқаралыдағы революциялық соғыс комитетінде ревком құрылғанда, Н.Нұрмақов оның жауапты хатшысы болып сайланды. Кедей таптардың мұқтаж болған әлеуметтік-демократиялық шараларын жүзеге асыруға белсене араласты. Азамат соғысы кезінде ақтардың әскері Қарқаралы абақтысына Н.Нұрмақовты 6 айға жабады. Сот Семей түрмесіне аударып, өлім жазасын тағайындағанда 1919 ж. Қызыл Әскер бөлімдерінің шабуылдары бұл жағдайдың орын алуына жол бермеді. Кеңес құрылысында қызметі азамат соғысы аяқталғаннан кейін басталды. 1926 жылы жарық көрген Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романында: «Қазан төңкерісінен кейін хаттарының бірінде (Нығмет Нұрмақов) маған былай жазады: - Сәкен қалың қалай? Менің түсінгенім тек большевиктер ғана патша үкіметінің таптауына ұшыраған кедейлерге еркіндік бере алады. Мен сондықтан большевик болдым» -, деп жазған. Сол кездегі қазақ халқының басына туған қиыншылықтардан шығу үшін кеңестерге арқа сүйеген дұрыс деп түсінсе керек [2, 202].

Қарқаралы уезіндегі, Семейдегі шаруашылық және ағартушылық қызметтері басқарудың әдістерін үйрену және тәжірибе жинақтаумен өтті. РСФСР Жоғарғы соты қазақ бөлімі қайта құрылған 1923 жылы Н.Нұрмақов төрағасы болып бекітілді. Комиссариаттың басты назарын сот органдарының қызметін арттыруға, халықпен бірге тығыз қарым-қатынаста құқық қорғаушы рөлінде болуға бағыттады. Комиссариат губерниялық соттардың және прокурорлардың қызметін ай сайынғы есеп бойынша тексеріп отырды. 1923 жылғы 11 қазандағы хатта халық соттарының шамадан тыс көлемдегі істерді жабық күйінде қалдырғаны байқалады. Нұрмақов сот-тергеу органдарына уақыты өтіп кеткен істерді жабу, кей істерді қайта қарау, Бүкілресейлік орталық атқару комитеті қауіпсіз деп таныған адамдарды босатуға тапсырма берді. Өкінішке орай, кейбір «жабық» күйдегі істер қайта қозғалды. Оның бір мысалы 1925 жылы Жүсіпбек Аймауытов және бір топ адамға 1922 жылы қозғалған іс қайта қарастырылып, жазаға тартылды. Халық комиссарлар кеңесінің төрағалығы қызметіне келген уақытта Нұрмақов Нығмет сот барысында Жүсіпбек Аймауытовты жақтап, өз қарсылығын ашық білдірген [3, 112].

1923 жылғы 11 шілдедегі №44 жарлықта Қазақ АКСР Әділет Халық Комиссариатының сот құрылысы бөлімі бойынша барлық қазақ учаскелерінің Халық соттары мен Халық тергеушілеріне Сот тергеу органдарында қазақ тілінің енгізілуіне байланысты қырғыз, қазақ тұрғындарына қызмет көрсететін сот тергеу органдарындағы барлық іс-тәжірибесінде жоқ болғандықтан, сот қызметкерлерінің дайындығының жеткіліксіздігінен Әділет Халық Комиссариаты ұдайы хабарландыру үкімдерінің шешімдерін, хаттамалардың, қаулылардың үлгілерін жариялады. Аталған жарлықта сот-тергеу органдарында қырғыз (қазақ) тілінің енгізілуіне байланысты қырғыз (қазақ) тұрғындарына қызмет көрсететін сот-тергеу органдарындағы барлық іс өндірісі міндетті түрде қырғыз (қазақ) тілінде жүргізілуі тиіс екені баса назарға алынған. Барлық хаттамалар, үкімнің шешімдері, қаулылар қазақ тілінде жариялануы қажет екені айтылған [4, 46].

XX ғасырдың басындағы Қазақстан үшін заң саласы дәстүрлі қалыптасқан заң жүйесінен өзгеше сипатта болды. Оны қалыптастыру, дамыту және саяси жүйеге икемдеу жолында ұлт қайраткері Нығмет Нұрмақов елеулі еңбек етті. Юстиция саласындағы қызметі қазақ тіліне іс –қағазды көшіру, жабылған күйде қалған істерді соңына жеткізу немесе тоқтату, сот-тергеу органдары қызметін және мәртебесін көтеру, қаржыландыруда Орталықпен үлкен талқыға түсуі, халық кеңестеріне қазақ әйелдерінің қатыстырылуы жөніндегі мәселелерді қамтыды.

Халық комиссарлар кеңесі төрағасы ретіндегі қызметі ел тарихында күрделі кезеңді қамтиды. Қазақ халқының жеке республика болып қалыптастыру, астананы көшіру, тәркілеу, сауатсыздықты жою сынды мәселелердің шешімдерін тапты. Семей губерниялық атқару комитетінің хатшысы болып қызмет істеп жүрген кезінде-ақ 1922 жылы ақпанда өткен бүкіл Қазақстандық II облыстық партия конференциясында облыстық комитеттің президиум мүшесі болып сайланған Нығмет Нұрмақов 1930 жылы мамырда өткен 7-ші конференцияға дейін ұдайы президиум бюро мүшесі болып сайланып отырды. Осы тұста Н.Нұрмақовқа «Қызыл Қазақстан» журналының идеялық бағыты үшін жауапкершілік жүктелген еді. Сол кезде журнал беттерінде жергілікті жерлердегі кеңестік және шаруашылық құрылыстың жайы, мәселелері жайлы көптеген материалдар жарияланды. Н.Нұрмақов еліміздің I конституциясының авторларының бірі. Деректі материалға зер салсақ, Н.Нұрмақов Республика Халық Комиссарлар төрағасы ретінде қатысқан осы съездің атқанған ісі: Қазақстанның қазақ жеріндегі тұңғыш астанасы Ақмешітте өткізілгені, оның Қызылорда деген жаңа атқа ие болуы. Орынбор губерниясының Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы құрамына берілуі орыс халқының басым болуымен сипатталды. 1925 жылы 19 қазандағы Қазкрайком бюро отырысында Нығмет Нұрмақов: «Жер мәселесі біз үшін өткір мәселе. Жермен біздің елдің, халықтың тағдыры тығыз байланысты. Жоғарыда айтылған себеп (орыс халқының басымдығы) осындай шешім қабылдауға әкелмеуі керек. Республиканың көптеген уездерінде орыстар саны жергілікті халықтан көп, бірақ бұл да барлық территорияның Ресейге берілуі керек дегенді білдірмейді. Бұл мемлекетті таратумен бірдей әрекет. Бұл сұраққа еш сын айтпаймыз, себебі біз түбегейлі қарсымыз» деп өзінің Орынбордың Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасына берілуіне ашық қарсылығын білдірді [5, 193-195].

1925 жылы сәуірде Қазақстан Кеңестерінің Ү-съезі өтті. Н.Нұрмақов «Орта Азия Республикаларының мемлекеттік ұлттық бөлінуі және Қазақстанның даму перспективалары» туралы баяндама жасады. Съезде Сәкен Сейфуллинмен бірігіп бастаған халықтың тарихи шын аты «Қазақтар» деген атауды қалпына келтірді. Осыдан бастан Қырғыз АКСР-і Қазақ АКСР-і аталды. Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық мемлекеттік межелері анықталып, заңдастырылды. Ақтөбе губерниясының Елек ауданын Орынбор губерниясына беру туралы шешім қабылданды. Осы шешімге өлкелік комитеттің бюросында талқылау барысында Н.Нұрмақов, Ж.Мыңбаев, С.Меңдешов сияқты қайраткерлер орталықтың Елек ауданына, тұрғындарының басым бөлігі орыстар, сондықтан да оны Орынбор губерниясына беру керек дейтін сынаржақ шешіміне үзілді-кесілді қарсы тұрды. Н.Нұрмақов: «Егер Орталық жеке аудандардың тағдырын оның ұлттық құрамына қарай өз еркінше шеше беретін болса, онда

болашақта Қазақстан Республикасының сақталып қалуы мүмкін емес» деп ашық айтты.

Н.Нұрмақов Республика Халық Комиссарлар төрағасы ретінде қатысқан съезде атқанған ісі: Қазақстанның қазақ жеріндегі тұңғыш астанасы Ақмешітте өткізілгені, оның Қызылорда деген жаңа атқа ие болуы. Орынбор губерниясының Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы құрамына берілуі орыс халқының басым болуымен сипатталды. 1925 жылы 19 қазандағы Қазкрайком бюро отырысында Нығмет Нұрмақов: «Жер мәселесі біз үшін өткір мәселе. Жермен біздің елдің, халықтың тағдыры тығыз байланысты. Жоғарыда айтылған себеп (орыс халқының басымдығы) осындай шешім қабылдауға әкелмеуі керек. Республиканың көптеген уездерінде орыстар саны жергілікті халықтан көп, бірақ бұл да барлық территорияның Ресейге берілуі керек дегенді білдірмейді. Бұл мемлекетті таратумен бірдей әрекет. Бұл сұраққа еш сын айтпаймыз, себебі біз түбегейлі қарсымыз», - деп өзінің Орынбордың Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасына берілуіне ашық қарсылығын білдірді. Нығмет Нұрмақовтың пікірі бойынша, Ақмешіттің астана болып жариялануы Қазақстанның орталығы немесе болашағынан үлкен үміт күткендей асып кеткен байлығынан емес, Ақмешіттің үлкен отарба жолының үстінде болғандығы. Екіншіден, қаланың өзінде де, уезде де қазақ халқының көп болуы себебінен еді. Орталықтың Орынбордан астананы көшіргендегі себебі «губернияда қазақтардың жоқтығы» болса, Ақмешітке көшірудегі себеп «қазақ халқының көптігінен» деп түсіндірген [6, 188].

Қазақ халқының тек саяси бағытындағы, әлеуметтік саладағы ауырпалықтарды шешуге ғана емес, мәдени салада, құрылыс саласындағы, өнеркәсіп, публицистика, ауыл шаруашылығы, өнер бағытындағы қомақты үлесіне жазған еңбектері, тарихи деректер дәлел болады. Қазақ тілі мәртебесін көтеруге атсалысқан. Нығмет Нұрмақов Халық Комиссарлары кеңесіне төрағалық еткен тұста жаңа экономикалық саясатты дұрыс жүзеге асыру, ауылды кеңестендіру, ауылда мәдени жорықты бастау, шұрайлы егіндік, шабындық жерлерді кедей шаруалардың пайдалануына беру, мектептер ашу, әйел теңсіздігін қорғау, мәдени шаралар күн тәртібіндегі мәселелер болды. Зиялы қауымның тағдыры ел тағдырынан әсте тыс болған емес. Қазақтың халық ретіндегі тағдыры қыл үстінде тұрған уақытта, алдымен халықтың сауатын ашу дамыту кезек күттірмес мәселе болатын. Шығыс халықтарының алфавитін құруға арналған Бүкіл Одақтық Комиссияның мүшесі және төрағасы болды. Нұрмақов латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарына талдау жасады.

Н.Нұрмақов еліміздің индустриаландыру жөніндегі партия нұсқауын практика жүзінде іске асыруға көп күш-жігер жұмсады. Басшылығымен жұмыс істеген өкімет табанды еңбек етуінің нәтижесінде 1924-1930 жылдары Қазақстан ғана емес, бүкіл ең ірі түсті металлургия жарықтандырылды. Шымкент қорғасын зауыты КСРО-дағы қорытылған қорғасынның 73,9 %, ал Балқаш зауыты республиканың индустриалдық бағытта өркендеудің және бір белгісі көлік қатынасы үрдісінің, оның ішінде темір жол желілерінің дамуымен ерекшеленеді. Түркістің ізінше бүкіл Қазақстанды басып өтетін Жезқазған, Рубцовка-Риддер, Орал-Елек тармақтары іске қосылды. Мұнай өнеркәсібі қалпына келтіріліп, біркелкі ырғақпен жұмыс істей бастады.

Индустриаландыру барысындағы және Қазақстанды экономикалық жағынан көтеруі, ұлт жанашыры болуын өзінің баяндамаларын талдаумен толықтырсақ. Баяндамада назарға алынған бірінші мәселе – мал шаруашылығы, мал өсіру. XX ғасырдың 20-жылдары 3 млн. шаршы шақырым жерді құрайтын Қазақстанның 2/3 игерілмей жатыр. Бұл жердің барлығын мал өсіруге пайдалануға болатын. «Мал өсіру туралы аз айтылады, аз көмек көрсетіледі. Енді біз бұл бағытты дамытуға жоспарлы түрде кірісеміз» - деді Нұрмақов. Әрине, сол кезеңнің талабына сай Қазақстанның негізгі ресурс – мал болды және қазақ халқы ежелден бұл іске жақсы машықтанғандықтан, Нұрмақовтың бұл орайдағы қойған міндеті өте орынды деп білеміз.

Екінші бағыт мақта шаруашылығы. «Мақтаға Кеңес Одағы өте мұқтаж. Олай дейтінім, алтын рубльдерге жыл сайын үлкен көлемде Америкадан әкелетінбіз. Бұл саланы дамытуда Қарақалпақия автономиясында, Сырдария, Жетісу губернияларында үлкен мүмкіндіктер бар. Ирригация және мақта шаруашылығымен айналысатын ғылыми

мекемелердің мәліметіне сай, аталған аудандарда 2 млн. десятина жерді мақта шаруашылығын дамытуда пайдалануға болады. Автономды республика ретінде бірінші кезекте тері өңдеу, тамақ өндірісі, техникалық өндірістерге көңіл бөлуіміз қажет» - деп өз ойын жеткізеді. Нығмет Нұрмақовтың баяндамасынан шығатын қорытынды елінің жанашыры қиын кезеңге қарамастан, елдегі барлық сұрақтарды шешуде халқының мүддесін ойлады. Елді көтеруге тырысты. Көкейтесті мәселелердің шешімін табуды қалады. Тек қазақтардың емес, барлық қазақ жерін мекен еткен халықтардың жағдайын жасауға тырысты. Социалистік бағытта елде жаңғырулар жасауға тырысты. Жастардың білімді болуын қалады. Мәдениет ошақтарының орыстар тұратын жерлерде екенін біліп, өз халқының да мәдени санасын көтеруге ұмтылды.

Өндірістің жағдайына келсек, Қазақстанда төңкеріске дейін өндіріс өте баяу дамыды. Н.Нұрмақов көтерген маңызды мәселе шетелдіктерге қараған екі-үш ірі кәсіпорындарды есептемегенде Қазақстанда өндіріс орындарының мүлдем болмауы еді. Біз білетін өндірістің жандануы 1923-1924 жылдары болған. Қарсақбай зауыты Кеңес Одағының ең ірі зауыттарының бірі және техникасы шетелден әкелді. Ал жергілікті өндірісте Қазақстанда мына бағыттар бойынша жүріп жатыр: жүн, тері, тұз, балық, ауыл шаруашылығы өнімдерін бірінші реттілік өңдеу орындары.

Қазақстанда техникалық мәдениетті дамытудың маңызын ескерсек, Н.Нұрмақов салыстырған бір өндіріс Қазақстанның оңтүстігіндегі кенаф, Жетісу темекісінің сапасы жағынан түрік темекілерінің жоғарғы сорттарынан кем түспейтіндігі. Баяндамада кендір өсімдігі туралы ерекше деректі келтіреді: «Кендір өсімдігін де айта кетейін. Өзірге жабайы түрде Қазақстанның үлкен аумағында: Алма-Ата, Сырдария, Қызылорда округтары мен Қарақалпақ автономиялық облысы. Кендірді тектесті өндірісінде қолдануға күмән көп болды. Тәжірибеден көргеніміздей, кендірді бұл өндірісте қолдануға болады. Айта кету керек, кендір талшығы египет мақта талшығынан да ұзын. Осыдан кейін, қазақ жерінің үлкен аумағында өсетін кендір талшығын күмәнсіз қолдануымызға болады» [7, 92].

Нығмет Нұрмақов өз ұлтының жанашыры болды. Халқының батрақтарын, кедейлерінің тұрмыстық жағдайын көтеруге тырысты. Тарихи оқиғалардың бәрін, өзінің алдында болып кеткен сәтсіз реформаларды айта келе, әрі қарай әрекеттің қандай болатынын айтты. Қазақ халқының сауаттылық статистикасын басқа Одақтағы халықтармен салыстыра отырып, қазақ мектептеріне қажет материалдарды айтты. Қазақ жеріне көз тіккендердің көп екенін айтып, оны табанды түрде қорғайтынын мәлімдеді.

Қызылорданың тарихына зер салсақ, ХКК төрағалығында жүрген Нығмет Нұрмақовтың тұсында Қызылорда мәдениеттің ошағына айналды. Соның бір мысалы, қазақ ұлттық театрының ашылуы. Ағылшындардың сол кезде қолында болған кәсіпорындарды енді өзіміз дамытуымыз қажет деді. Сол үшін орталықтан материалдар, зерттеушілерді, ақша сұратты. Әлі күнге дейін шетел капиталына тәуелді болып отырған бізге бұл әрекет өнеге болуы керек деп ойлаймын. «Қазақтың жерінде шығарылып, әрі қарай да қазақтың жерінде өңделуі керек» деп цинк кәсіпорны туралы айтқан еді. Бұл да қазіргі қазақ елінің шикізатты сыртқа шығарып, шет елге жіберіп, одан дайын өнімді қайта сатып алып отырған бізге сабақ болуы керек. Нұрмақов осындай өзекті істерді ХХ ғасырдың басында айтып кетті. Ал оның кейбір тұстары тәуелсіздіктің тұсында да аяқсыз қалып отыр. Сондықтан тұлғамыздың тарихымыздағы орны айқын әрі еңбек жолы мен қайсарлығы бізге үлгі болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нығмет Нұрмақов: ұлт мұраты: Монография / С.С.Қасымова: Қарағанды техникалық университеті, - Қарағанды: ҚарТУ баспасы, -2020. -22-23 беттер.
2. Сейфуллин С.Тар жол тайғақ кешу. –Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, -1960. -202 б.
3. Файзуллаев Ә., Қабдөшев Б. Юстиция халық комиссарлары:Дерекнамалық баян. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. -112 бет.
4. ҚР ОМА. 1380 қ., 2т., 37і., 46 п.

5. Бейсенбекова Н.А., Сақтағанова З.Ғ., Шотбақова Л.Қ. Сарыарқаның ұлы азаматтары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. 193-195 беттер.
6. Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. –Алматы:Алаш, 2005. -188 б.
7. Строительство Казахстана: Доклади заключительное слово на 3-й сессии Всерос. центр. исполн. ком-та 13-го созыва 24-26 ноября 1928 г./ Н.Нурмаков. –Кзыл-Орда: Инф. часть ЦИК и СНК Каз. АССР, 1929.-92 с.